

ӘОЖ 009

## **ҚӨНЕ ТАРАЗ ҚАЛАСЫН РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ БИЗНЕС АУДАН РЕТИНДЕ ТАЛДАУ**

**Темірбекова Қаракөз Русланқызы, Катай Гульдана Саржанқызы**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, «Туризм» мамандығының 2 курс студенттері,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Шарапаева Бота Жанабекқызы

Рекреациялық бизнес аудан (ағыл. Recreational Business Destination) – қаланың рекреациялық және коммерциялық қызмет көрсетулерге (сауда, тамақтану, ойын-сауық, мәдениет, қарым-қатынас, денсаулық т.б.) негізделген арнайы ауданы болып табылады. Рекреациялық бизнес аудан (РБА) С.А.Стенсфилд пен Дж.Е. Риккерт ұсынған концепцияға негізделген, олардың ойынша РБА қаладағы мейрамханалар, тың сауық-сайран ғимараттары мен кәдесій дүкендері орналасқан аймаққа көніл бөлөтін қала қонақтарының маусымдық қажеттілігі ғана болып табылады. Келесі маңызды анықтаманы С. Смит береді, ол қалалық РБА қалалар мен қалашықтарда туристердің басым көшілігінің назарын көтерме сауда аймақтарына аударта отырып, мейрамханалар, дәмханалар, кәдесій дүкендері сияқты туристерге арналған көрнекті жерлерді көбейтуді көздейді деп сенеді. Рекреациялық бизнес ауданға келесідей анықтама беріледі. Ол Қытай зерттеушісі Бао Джиганттың ойынша, РБА қалалық рекреациялық жүйенің маңызды бөлігі болып есептелеңтін рекреациялық және коммерциялық қызмет көрсетулерге (көтерме сауда, тамақтану мен ойын-сауық, мәдени білім алмасу мен фитнес) негізделген қаланың арнайы ауданы болып табылады. Бао Джиганг тарарапынан қалалық рекреациялық жүйенің маңызды бөлігі ретінде таныстырылады. Басқа ғалымдардың айтуынша, РБА кәдесій дүкендері, көтерме сауда орындары, мейрамханалар, ойын-сауық мекемелері мен басқа да объектілері шоғырланған туристерге арналған көрнекті жерлерді құру мақсатымен шетелдік туристер үшін жасалады. Қалалық РБА туристерге ғана қызмет көрсетіп қоймай, сонымен қатар жергілікті тұрғындар мен тұрғылықты аудандарға да қызмет көрсетуі тиіс [1].

Тиімді әрі ерекше РБА құру арқылы туризмді дамытудың жаңа сатысына көтерілу мүмкіндігі бар. Мұны біз қазіргі таңда әлемде туризмі бір ғана РБА-ның арқасында шарықтап тұрған АҚШ –тың Калифорния штатындағы онтүстік Лос-Анджелесті мысалға келтіре аламыз. Бұл жерде туристердің жылына 365 күн ағылышп келуіне себеп болып отырған жасанды «DisneyLand» саябағы болып отыр [2]. Бұл саябаққа тек соңғы 25 жылдың ауқымында келіп-кетушілер саны 200 миллион адамнан асқан. Осы көрсеткіштің өзі РБА-ны құрудың маңызын айқындаі түседі. Бүгінде осы типтес РБА-лар саны күн санап үлгайып келе жатыр. Себебі: бұл туристерге ынғайлышықпен қолжетімділікті қамтамасыз

етегін туризмнің бірден-бір бөлшегі деп айтуға болады. РБА-ның Қазақстан туризмі үшін қандай маңызды екенін түсінгендіктен, елімізде жоқ РБА-ның құру жолдарын осы мақалада ұсынбақшымыз. Қазақстанның кез-келген аймағы бір өзі РБА болуға әбден лайық. Сондай лайықты мекеннің бірі, табиғатының көркі мен мол тарихымен ерекшеленетін көне Тараз қаласы. Еліміздің оңтүстігінде қанат жайған әсем қаласын РБА ретіндегі артықшылықтары мен кемшіліктерін, даму болашағын осы мақалада толығымен қарастыралатын болады. Бұл мақала қойнауы тарихқа толы көне Тараз қаласын еліміздегі тұңғыш РБА ретінде талдаң, зерттеуге арналып отыр.

Тараз – Қазақстан қалаларының ішіндегі ең ежелгілерінің бірі, тіпті ол VI ғасырдың деректерінде кездеседі. 568 жылы Талас өзені жағасындағы қалада түрік қағаны Дизабула өзінің керемет ставкасында Византия елшісі Земархты қабылдаған. 629 жылы Сюань-Цзян Тараз қаласының Цзяньцюаннан батысқа қарай 140-150 ли қашықтықта тұратынын және оның шенберінің 8-9 ли екендігін айтады. Қалада әртүрлі елдерден келген көпес-саудагерлер мен хусилардың тұратыны және олардың тілі мен әдет-ғұрыптарының, зандарының Қытайдағы сияқты болатыны туралы жазылған. Біз бұл деректерді Тараз қаласының аса ертеден келе жатқан қала екендігі жайлы мәлімет үшін беріп отырмыз. Тараздың VII ғасырда осы Ұлы Жібек жолында маңызды рөл атқарғаны жайлы мағлұматтар ежелгі шежірелер мен географиялық шығармаларда кездеседі. Қала 751 жылы арабтардың, 766 жылдан бастап қарлук қожалығының, IX ғасырдың аяқ шенінде саманидтердің қол астында болады. 893 жылы Исмаил ибн Ахмад Таразға соғыс ашып, ақыры Тараз әмірі жауға бас иеді, Исламды мойындауды. IX-X ғасырларда Тараз қаласының егіншілік алқаптың, Талас Алатауындағы күмісrudnigінің жанында орналасқандығы оның экономикалық және мәдени өрлеуіне мүмкіндік жасады. X ғасырдың географы Максидидің жазуы бойынша «Тараз – бау-бақшалы, қалың елді, оры, төрт қақпасы және қонысталған работы бар үлкен бекітілген қала» [3].

Ал 1936 жылы қаланың аты Мирзоян болып, одан соң, 1937 жылы Жамбыл болып өзгерілді. Халықтың талап-тілегін ескере отырып, ел Президенті Н.Назарбаев 1997 жылғы 8 қаңтардағы Жарлығымен қалаға тарихи аты – Тараз атауы қайтарылып берілді. 2002 жылы 25-26 қыркүйекте Тараз қаласының 2000 жылдығы тойланды. Тараз бүгінде мәдени-экономикалық жағынан өркендереген, жергілікті халық «жер жәннаты» деп атайдын шағын да болса көркіті, берекелі, ырысты қалаға айналды.

Облыстың айтарлықтай аумағын Бетпақ-Дала және Мойынқұм алады, тек оңтүстік-батыс, оңтүстік және оңтүстік-шығыс шеті таулармен шектелген (Қаратай, Қырғыз және Шу-Іле Алатау таулары). Рельефтің бұл ерекшелігі облыс климатына әртүрлілік ендіреді. Табиғи ландшафттардың флорасы мен фаунасы кең және әртүрлі. Облыста өсімдіктердің 3 мыңнан астам түрі бар. Аң аулайтын өңірдің жалпы алаңы 13,9 мың га құрайды, онда жануарлардың 40-тан астам түрі мекендейді. 27,8 мың га алаңды құрайтын балық шаруашылық қоры 74 су айдынынан тұрады, оның ішінде 73 су айдыны балық шаруашылығына жарамды. Ірі бөгендерден Тасөткел және Теріс-Ащыбұлақ бар. Балық аулау кәсібінде толстолобик, ақмарқа, карп, сазан, көк серке, тыран балық, краль, торта балықтарын аулау кең таралған. Облыс аумағында 3 мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалы бар:

мемлекеттік (кешенді) қаумал «Берікқара шатқалы» 17,5 мың га алаңды алады, онда қызыл кітапқа енгізілген аса бағалы ағаш бұтасының және шөп өсімдігінің 50-ден астам түрін, ал жануарлардан – арқарды, үнді жайрасын, жұмақ шыбыншыны кездестіруге болады;

жалпы алаңы 3,07 мың га құрайтын мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумал «Қарақоңыз шатқалы» (ботаникалық), Зайлы Алатаудың батыс сілемінде орналасқан. Алма, шие, алша, жузім ағаштарының жемісті көшеттері үйенкі орманнның, боз қарағаннның, тұт ағашының, түйе жаңғағының аландарымен ауыстырылады; жалпы алаңы 1000 мың га құрайтын Андасай мемлекеттік (кешенді) қаумал (зоологиялық) Мойынқұм ауылынан батысқа Шу өзенінің жағасының бойында орналасқан. Өсімдік қабатында селеу шебі,

бетеге, қара сексеул, талдың ну бұтасы басымды. Жануарлар әлемінде арқарлар, құландар, джейрандар, еліктер, қабандар, қояндар, қырғауылдар, құрлар басым. Тараз қаласының ең басты проблемасы экологиялық жағдай болып отыр [4].

Халықтың аурушаңдығы олардың қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасының нәтижесінде тұрғындар арасында патологияның туындауы мен таралуының жалпылама объективті көрінісі десек қателеспейміз. Адамдардың ерте өмірден өтуіне, денсаулығының, еңбек және демалыс жағдайларының нашарлауына қазірдің өзінде көпшілік жерлерде зер сала қарамайтын болды. Мұндағы басты көрсеткіштерге түрлі аурулар, мүгедектік, ерте өлім деңгейлерін жатқызуға болады.

Қоршаған ортаның тұрғындардың әсіресе, балалардың денсаулығына тигізетін әсерін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі – дененің дұрыс дамымауы болып отыр. Кез келген топқа тән орташа көрсеткіштерден ауытқушылық дене дамуының объективті кемшіліктері болып саналады. Тараз қаласының тексеруден өткен 1649 баланың 739-ы ғана үйлесімді дамыған болып шықты. Бұл небәрі – 44,8%. Санақ мәліметтеріне сүйенсек, облыс тұрғындары арасында 1977 жылдан бері қатерлі ісік (рак) 1,3 есе көбейген. Бұл кеселдің Тараз қаласында орташа көрсеткіштен жоғары екендігі алаңдатады. Жалпы алғанда аурулар құрамында өкпенің закымдануы – бірінші орында, асқазан жарасы – екінші орында, оның үстіне әйелдерге қарағанда еркектер жағы көп ұшырайды, пайызға шаққанда тиісінше 1,7% және 4,4% құрайды.

Одан кейінгі мәселе транспорттық жүйедегі проблемалар. Жолаушылар көлігінің қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларының 80%-ы Тараз аумағында орын алғып жатыр. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 7 айында ғана облыс аумағында автобус жүргізушилерінің кінәсінен 10 жол-көлік оқиғасы орын алды, соның ішінде 7 жол-көлік оқиғасы Таразда орын алды [5].

Қоғамдық көлік жүргізушилері жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар саны жыл сайын өсіп келеді. 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында олар 282 болса, 2018 жылдың осы кезеңінде 458 факті тіркелді.

Ең жиі болып жататындар: сыртқы жарық құралдарын пайдаланудың бұзылуы – 70, жол белгілері мен белгілеудерді сактамауы – 69, телефонды пайдалану және жол киылсына шығу – 49 - дан, ластаушы заттар нормаларының артуы – 44.

Қоғамдық көлік жүргізушилеріне 1 986 916 теңге айыппұл салынды, оның жартысы «ДамРус» ЖШС қызметкерлеріне – 997 662 теңге тиесілі, осыған ұқсас жағдай «Тараз автопарк №1» ЖШС – 363 158 теңге және «СапарТранс 2012» ЖШС – 284 993 теңге болып отыр.

Тараз қаласы әкімінің орынбасары Сайлау Байназаров 600 автобустың 400-ге жуығы тұрақты жолға шығып тұрғанын, қалғандары үнемі жөндеу бокстарында тұратынын атап өтті. Сондықтан, тараздықтарға аялдамада қажетті автобусты сафат күту керек екені таңқаларлық емес.

Біздің Тараз қаласын рекреациялық бизнес ауданға қаншалықты сай екенін зерттеу арқылы, Таразды толығымен РБА ретінде қарастыруға болатынына көзіміз жетті. Бірақ таяқтың екі ұшы болатындей, кез келген нәрсенің артықшылықтары мен кемшіліктері болады. Тараздың артықшылықтары мен кемшіліктерін саралай келе, ақсал тұрған тұстарын толықтырып, Таразды одан әрі гүлдендіре тұсіретін тың идеяларды ұсынуды жөн көрдік. Бұл ұсыныстарымыздың барлығы да қазақтың пен қазақ ұлтының рухына тән қасиеттерін айқындайды. Қазақтың жеті қазынасына кіретін: жүйрік жылқы, қыран бүркіт пен құмай тазыны шетел туристері түгілі өз еліміздің туристері үшін де өте қызықты. Неге бізге өзімізге қанмен дарыған, ата-баба мұрасын жаңғыртып, оны өзіміздің экономикалық пайдамызға қолданбасқа?

Сонымен, бірінші ұсыныс – казақ халқының ғажайып өнері- саятшылықтың орталығы қылыш Жамбыл облысын тағайындау. Бұндай ойға біз жай келген жоқпыш. Біріншіден, 2012 жылды Ақбұлым елді мекені маңындағы Жеті төбе қорымдарында жүргізілген археологиялық қазбалар барысында Тараздан 8 км жерде адамның мәйіті мен

жыртқыш құстың сүйегінің табылуы түрткі болды. Себебі: осы қазба деректерінен кейін Академик Карл Байпақов Жамбыл облысында саятшылық тарихы шамамен 13-14 ғасырдың құрайды деген тұжырымдамаға келген. Осыдан біз саятшылықтың негізі Жамбыл облысында бастау алды деуге болады. Екіншіден, 2014 жылдан бері Жамбыл облысының, Жамбыл ауданы, Аса ауылының балалар және жасөспірмдерге арналған спорт мектебінде саятшылыққа үйрететін секция жұмыс істеуде. Бұл елімізде жиі кездесетін құбылыс емес. Соңдықтанда Жамбыл облысы саятшылықтың орталығы болуға әбден лайық. Нағыз құсбегілер дайындайтын орталықтың болуы келген туристердің көне өнер түрімен таныстырып, оларға ерекше «шоу» қызықтауға мүмкіндік беретін еді. Сонымен қатар, жыл сайын қыран бүркітердің құсбегілері арасында республикалық сайystар ұйымдастыру. Бірте-бірте оны республикалық деңгейден халықаралық жарысқа айналдыруда өте өзекті. Саятшылық орталығы қылыш, Таразға жақын орналасқан, саятшылыққа жарамды бір елді- мекенді таңдау қажет.

Екінші ұсыныс – бұл қазақ ерінің қанаты болған, мінсе көлік, жесе тағам, ішсе суын болған киелі жылқымен байланысты. Бұл ұсыныста бір айтарлықтай инновация болмаса да, оны қолдану барлық тарап үшінде тиімді болары сөзсіз. Ол келген туристерге атпен серуендеуге мүмкіндік беретін ипподром құру. Соның жаңында дәмі ауызында қалатын қымыз беренсау, қазы мен қартага дегустация жасайтын орын мен киіз үй тәріздес, ұлттық тағам түрлерін сататын сату орталығын жасау. Барлығы бір-біріне қолдан келгенше жақын жерде орналасуы керек.



Соңғы ұсыныс ретінде маркетингті айтып кету керек. Жарнаманың жетіспеушілігі Тараз қаласы үшін ғана емес, толық Қазақстан үшін үлкен қындық екені рас. Соңдықтан Тараз жайында қызықты, адамдардың қызығушылығын оятатын видеороликтер жасайтын блогерлердің қызметіне жүргіну керек. Жарнама үлкен күш екенін ұмытпау керек.

РБА қалалық рекреациялық жүйенің маңызды бөлігі, сонымен қатар қаладағы демалыс кешенінің негізгі тасымалдаушысы. РБА теориясын дамыту ежелгі қаладағы

тарихи және мәдени блоктарды дамытудың жаңа бағыты мен жаңа үлгісін ұсынады. Ежелгі Қала Тарихи Ауданын дамытудың гүлденген жаңа кезеңіне қол жеткізу үшін біз ежелгі қаладағы ескі ғимараттар мен тарихи-мәдени мұраны пайдалана аламыз және жаңа дәуірдің кейбір қалалық рекреациялық элементтерін енгізе аламыз. Бейжің Жолы РБА-ның ежелгі қаладағы маңызды іскерлік орта ретінде мәдени байлықты қалыптастыруы мен дамуының көп жылдық тарихы бар, оның коммерциялық ортасы өте жақсы дамыған.

Алайда демалу мәселесі тұрғысынан қарағанда, Бейжің Жолы РБА рекреациялық емес, коммерциялық мәселелерге тап болды. Ол рекреациялық объектілер мен қызмет көрсетулерді жетілдіруге көңіл бөлгөн жоқ. Бұл РБА жоспарлаудағы барлығымызға ортақ мәселе болып табылады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://lektssi.org/16-21458>.
2. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/syrly-alem/20003/>
3. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://www.gorodtaraz.kz/news/2567-nazvany-glavnye-problemy-obschestvennogo-transporta-taraza.html>
4. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://www.advantour.com/rus/kazakhstan/taraz.htm>
5. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://www.zhambyl.gov.kz/>